

Concerning this, we should be aware that not a single nation has an absolute monopoly over the others. According to some data, the English language is used in 63 countries, French in 30, Spanish in 29, and Arabic in 27 countries. Some of the Western authors who study education in native language, point out that a serious problem may appear for some of the poorest nations in the world if they are about to imply education strictly in their native language. Many nations in the world are faced with this uncomfortable dilemma. It is a fact that neglecting the native language can result in a loss of cultural marks, but at the same time, confining only to a native

language and neglecting the world languages inevitably leads to isolation, and can't be of any interest for the nation. Therefore, even in primary education learning other regional or foreign world language, whenever possible, is very useful. It is well known that in the developed western European countries the English language is spoken as first foreign language [3, p. 87].

The context of this elaboration on the topic multiculturalism as an important feature of contemporary education, I assume that the following opinions might be summed up:

- great number of countries in the world have become multicultural, and in future their number is about to rise; every culture has its own specific characteristics which should be respected as such multiculturalism is potential treasure for every society; multiculturalism is not manifested only as a feature of a community, but also at individual level; in the center of multicultural education must be a person whose basic personal characteristics are: broad intellectual views developed and realized potentials, autonomy, tolerance, liberty, ability to criticize.

References:

1. Bennett, Milton J. "Towards Ethnorelativism: A Developmental Model of Intercultural Sensitivity." *Education for the Intercultural Experience*. Ed. R.M. Paige. (2nd edition.) Yarmouth, ME: Intercultural Press, . 1993 p 21-71.
2. Kosyakova Y.G [<https://elibrary.ru/item.asp?id=27436275>] Foreign language as a means of activating professional and personal development of a student PROFESSIONAL LANGUAGE EDUCATION materials of the tenth international scientific and practical conference. Publishing house: Nizhny Novgorod Institute of management-branch of the Federal state budgetary educational institution of higher education "Russian Academy of national economy and public administration under the President of the Russian Federation" (Nizhny Novgorod) 2016 p203-205
3. Kosyakova Yu. G. Foreign language as one of the aspects of the formation of a multicultural personality in modern society // Electronic scientific and methodological journal of Omsk state University. - 2018. -№2 (13) April-June. - URL <http://e-journal.omgau.ru/images/issues/2018/2/00577.pdf>. - ISSN 2413-4066

УДК 81-22

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ЕНГЕН КІРМЕ СӨЗДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Борхан Аяулым М.

ayaulymborkhan@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және Саясаттану факультеті, С-11 тобының студенті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Кусаинова Р.Е.

Басқа тілдерден келген кірме сөздер - табиғи және тұрақты үдеріс.

Халықтар, елдер, мемлекеттер әрқашан бір-бірімен байланыста болғандықтан басқа тілдерден кірме сөздердің келуі заман талабы. Қазіргі таңда ағылшын әлемдік тіл болғандықтан, оның маңызы ерекше. Әрбір өзін дамытамын деген тұлға ол тілді толық

менгермеседе, қарапайым деңгейде білуі керек. Сол себепті ағылшын тілінен енген кірме сөздер біздің дамуымызға көп көмегін тигізеді [1].

Ақпараттық тасқынның күшейюі – ғаламдық интернет желісінің пайда болуы, дүниежүзілік экономикалық нарықтың дамуы, халықаралық туризм, мәдениет байланыстары, ақпараттық технологиялар, халықаралық олимпиадалар, фестивальдер – осының барлығы ағылшын тілінен енген кірме сөздерінің келуіне себеп болды.

Нақтырақ айтатын болсақ, жастардың күнделікті өмірде ағылшын тілінен енген кірме сөздері табиғи тілдік үдеріспен, элеуметтік-идеологиялық себептерге байланысты.

Бүгінгі күні жер шарының төрттен бір бөлігі ағылшын тілінде сөйлейді, ал миллиардтаған халық оны оқиды. Жаңа ақпараттық технологиялар халықаралық ғылыми конференцияларда айтылады, барлық баяндамалар ағылшын тілінде оқылады, халықаралық байланыста ағылшын тілінде жүргізіледі.

Ағылшын тілі сөздерін қарым-қатынас шеңберіне бөлу.

1. Мансап, саясат.

Соңғы жылдары саясат лексикасында кейбір шетел тілі сөздері пайдалануда.

Мысалы: ***премьер-министр, вице-премьер, спикер, президент.***

2. Жарнама.

Бұқаралық ақпарат, теледидар: ***ди-джей, фейс-контроль, стилист, лузер, ток-шоу*** осы сөздерінің пайда болуына алып келді.

3. Интернет.

Интернет желісін пайдаланудың күннен күнге өсуі: ***бит, баит, диск, курсор, флешка, флипчарт, чат*** т.б.

4. Спорт.

Бұрыннан үйреншікті сөздер де ағылшын тілінен келген екен: ***спортсмен, футбол, бодибилдинг, рефери, матч, гол, боулинг, дайвинг, скейтборд, сноуборд, байкер, фитнес*** т.б.

5. Косметика терминдері:

Мысалы: ***лифтинг, скраб, пиллинг.***

6. Техника.

Жаңа технологияларға жаңа ат береді, сөздер ағылшын тілінде айтылады: ***компьютер, ноутбук, мобильный, сканер, органайзер, клавиатура, монитор*** т.б.

Ағылшын тілінен келген тұрмысқа қажет құрал жабдықтар: ***блендер, принтер, ксерокс, миксер***

7. Кино, музыка.

Қазіргі кезде әнші жұлдыздардың көбі ағылшын тілінде ән айтады, киноларға түседі: ***саундтрек, бойфренд, блокбастер, терминатор, камеди клуб, вестерн, киборг, хит, сингл, ремейк, трек, постер, т.б.***

8. Экономика.

Бұл сфераға келесі сөздер келген: ***инвестиция, маркетинг, дилер, брокер, дефолт, прайс-лист, менеджер, босс, шеф*** [2].

Бұл сөздерден бөлек қазіргі таңда жастардың арасында «кэш, кешбэк, фандом немесе фэндом, коллаборация, хайп» сынды сөздер сэнге айналууда. Бұл сөздердің аудармасы мен мағынасына тоқтала кетсек:

Кэш (cash) – қолма-қол ақша, банкнота және тиындар формасында заңды түрде төлем жасау.

Кешбэк (cash back) – қолма-қол ақшаны қайтару, алайда бұл терминді интернет – сауда саласында, банк ісінде және ойын бизнесінде клиенттерді тарту мен адалдығымен жаулап алу мақсатында ұйымдастырылатын бонус бағдарламасы деп түсінген абзал.

Фандом (fandom) – қызығушылықтары ортақ адамдардың қандай да бір танымал адамдарға, шығармаларға, топтарға бірігіп серіктестік пен ықылас танытуын бейнелейтін жанкүйерлерден тұратын субкультура.

Коллаборация әдетте әріптестік сөзінің ұғымы, қандай да бір саладағы екі немесе одан да көп адамның, ұйымдардың ортақ жетістікке жетудегі біріккен қызметі я әрекеті.

Хайп – ел алдында арзан атаққа құмарлық.

Бұл жобаның мақсаты, ағылшын тілі қаншалықты жастардың тілінде орын алуда екенін анықтау.

Жастар арасында ағылшын тілінен енген кірме сөздері жиі пайдаланылады. Осының барлығын назарға ала отырып, кірме сөздерді пайдалануға апаратын жолдарының бірі жасөспірімдер арасында бір біріне еліктеуі, бәсекелестік, өзін-өзі бір қырлы қылып көрсетуі заман талабы.

Бұқаралық ақпараттың, теледидардың жасөспірімдердің тіл байлығына тигізетін әсері.

Кірме сөздер жарнамада, теледидарда пайдалануы психологиялық факторға байланысты: көрермендер мен сатып алушыларды сөздердің айтылу ерекшелігі арқылы өздеріне тарту.

Теледидарда көбіне коммерциялық бағдарламалардың аттары шетел тілі туындысының жұрнақтары 20%. Бұл бағдарламаның рейтингісін көтеру мақсатында жасалады.

Ағылшын тілінен енген кірме сөздерінің көбі компьютерлік технологиялардың көбейюіне байланысты, компьютер, дисплей, интернет, сайт. Бұл сөздер қазіргі заманда тез орын алуда, тіпті бұл сөздерсіз өмір сүру мүмкін емес сияқты.

«Файл» - дискте сақталған ақпараттан басқа, құжаттарды сақтайтын орын.

«EXEL, Word-та жұмыс істеп отырмын» - деп те айтамыз. Кірме сөздер ешқандай қауіп төндіріп тұрған жоқ, қайта біздің техникалық сөздік қорымыз толықтырылады. Ағылшын тілін білу заман талабы.

Қазіргі заман талабы қазақ тіліне қарағанда ағылшын тілінің әсері көп.

Бұл ағынды тоқтату мүмкін емес. Бірақ ағылшын тілінен енген кірме сөздердің келуі бізге зиян келтірмейді, есесіне сөздік қоры молаяды.

Қорытындылай келе, әр елдің өз туған тілінің құндылығы бар. Өз тіліміздің мәртебесін де әрқашан жоғары ұстауымыз керек. Бірақ заманның ағынынан қалмай, экономика, саясат, мәдениет салаларын әрі қарай дамыту үшін біз халықаралық тілді де меңгеруіміз керек.

Ағылшын тілінен енген сөздердің басым бөлігі жастар сленгтерінде, әсіресе тинейджерлер тілінің маңызды бөлігіне айналған. Зерттеулер көрсеткендей, жастардың лексикалық сөз қорының тиімді көзі БАҚ, интернет, техника, компьютерлік технологиялар, поп-мәдениет, кино, музыка. Әрине, бұл деректерге социо-мәдени баға беруге болады. Бұл жастардың шетел тілін үйренуге ынтасын арттырады. Жастар сленгтері- маңызды әлеуметтік фактор болып табылады. Жасөспірімдер үшін әлеуметтену өте маңызды, олар үшін сленг сөздерін қолдану, әсіресе ағылшын тілінен енген сөздерді қолдану, қайсыбір жастар тобына кіруге мүмкіндік беретін рұқсатнаманың «коды» немесе «кілті» іспетті. Сондықтан шетел терминологиясында сленгтерді in- group language in group vocabulary (топтар арасында қолданатын сөздер) деп айтады. Компьютершілердің «өз тілі» яғни «топтардың тілдері» деген бар, олар геймерді хакерден, ал юзерді флешмобилден жылдам ажыратуға мүмкіндік береді. Сноубордистер сленгтің көмегімен араларындағы жаңа қосылған адамның гуффи ме, әлде нормал екендігін бірден айыра алады. Шетел тілінен енген бұл сөздер тіл байлығымыздың молаюына мүлдем кедергі келтірмейді, себебі нақты әлеуметтік қызмет атқарады, олардың көпшілігі уақыт өте кейбір әлеуметтік топтардың ескіріп, жоғалуына байланысты тілімізден де жоғалады.

Ағылшын тілінен енген сөздерді қолдану өзіндік сәнге, модаға айналуы жастар ортасында стереотиптің қалыптасуымен сипатталады. Біздің заманымыздың осындай стереотипі бұл – американдық қоғамның өмір сүру деңгейінің әжептәуір жоғары екендігі және ол елдерде техникалық прогрестің қарқынды дамуы, барлық әлемді өзіне қаратуы. Өз тілдерінде ағылшын тілінің кірме сөздерін қолдану жастарды осы американдық мәдениетке, олардың өмір сүру стиліне біршама жақындатады. Дегенмен ағылшын терминологиясына

катысты элеуметтік айырмашылық та байқалады. Жастарға қарағанда ересектерде бөтен лексиканы қабылдау қарқыны төменірек. Қазіргі уақытта халықтың білім деңгейі жоғарлануынан, кірме сөздерді игеру жеңілірек.

Біздің еліміз ертеден басқа елдермен саяси, сауда, ғылыми және мәдени байланыста болғандықтан тіліміз басқа тілдермен байытылып отырған. Бұндай сөздер біздің халыққа жаңа заттар, дәстүрлер мен түсініктерге жаңа атаулар берді. Гипертілдердің пайда болуы көптеген мәселелер туғызады. Бұл мәселелерді шешу эколингвистика – тілдердің бір – бірімен байланысын зерттейтін 21 ғасырдың өзекті ғылым саласының тұғырында. Әлемнің ағылшын тілді емес елдерінің халқы мәдениаралық қарым – қатынасқа дағдылану қажет, сонымен қатар өз тілінің тазалығын, ұлттық мәдениетін сақтап қала білу керек.

Қорытынды жасай келе, мынадай бір-біріне қарама-қайшылықты айта кету керек:

Бір жағынан жаңа сөздердің пайда болуы біздің сөз қорымызды байытса, екінші жағынан өте көп мөлшерде кірме сөздер тіліміздің шұбарлануына әкеліп соғады, сонымен қатар тіліміздің қайталанбас әдеби көркемдігі, тазалығы бұзылады.

Дегенмен жасөспірімдер ағылшын сөздерін күнделікті өмірде қолданады, өйткені кейбір ағылшын сөздері біздің ауызекі тілімізге әбден еніп кеткен. Ең маңыздысы-айтылған сөздердің мағынасын біліп, оларды орынды қолдану керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. http://go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJwNxb0VgjAUBlAWeqD86wSWamX7KdG8Q3jhJKGAKWzwcwcbGERzC1t4llOZeHULv10nCcraDs23shkQwnLRgBDkcbQBNGj7AERw8SwPqMTYwEAQWAhuv5wMbFiWk5DLbsusU-alRjqlYVFW6inXoTBQtizor8zrP0uh527w-18d3977_9uX28Af1jTW5&src=e7f12c&via_page=1&user_type=4&qid=98cf4bcd2c78e85
2. http://go.mail.ru/redirect?type=sr&redirect=eJwNy0EOgjAQQNEexq0UIgJ6mcmQNlApLbRjzGDikbiAl_AKrr2Ea9fGhd38xUtTzTFo5TnSNmwyIsPSnZseTRw8i0C4cyBWwY_c2SLATBgZKcQJjQKLTokdoBpSgxkrHHagXZd6
3. Брейтер М.А. Ағылшын тілінен келген кірме сөздерінің тарихы. - Владивосток, 2004, 10-17 с.
4. Ваулина Е.Ю., Скляревская Г.Н. Көп пайдаланатын ағылшын тілінен келген кірме сөздер - М.: Платон, 2005, 24 б.
5. Мельникова А. И. Ағылшын тілінің кірме сөздерін зерттеу – М., 1999, 35 б.
6. Дьяков А.И. Кірме сөздерінің келу себептері // Тіл және мәдениет.- Новосибирск, 2004, 164 б.
7. Крысин Л.П. Шетел тілінің сөздері - М.: Издательство, 2008, 315 б.
8. В.К. Мюллер Жаңа ағылшын-орыс тілі сөздігі - 9 баспа.- М., 2006, .
9. В.В. Бурцева, Н.М. Семенова Шетел тілінің сөздігі.- М.Платон, 2005, 315 б.

УДК 372.881.1

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШЕТ ТІЛДЕРДІҢ ДАМУЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Жаңабергенова Әсел

assel230900@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Әлеуметтік ғылымдар факультетінің 2 курс студенті,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Кулахметова Ж.Т.

Тәуелсіздік алған кезеңнен бері қазақ тілін өркендету жолында қаншама маңызды қадамдар жасалды, бірақ қолға алған көптеген ісіміздің ойға алғандай болып орындалмауынан, ол – қоғамдық өмірдің бірталай саласына мықтап ене алмай жатыр. Талай